

**«SportFEST Kazakhstan» Спартакиадасы жобасын насихаттау бойынша  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке  
дейінгі және орта білім департаменті мен «Коммуникативтік бастамалар  
мен стратегиялар» Жеке қоры арасындағы ынтымақтастық жөніндегі  
МЕМОРАНДУМ**

Астана қаласы

2019 жылғы «25» наурыз

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті атынан негізінде әрекет етуші Мектепке дейінгі және орта білім департаментінің директоры З. Максұтова бір тараптан, бұдан әрі «1 – тарап» деп аталатын және «Коммуникативтік бастамалар мен стратегиялар» Жеке қоры атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директор А. Қазығұлов екінші тараптан, бұдан әрі «2 – тарап» деп аталатын, бірлесіп «Тараптар» деп аталған, Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы мен тұрмыс деңгейін жақсартудың негізгі факторлары ретінде бұқаралық дене тәрбиесі мен спортты дамытуды, оқушылар арасында салауатты өмір салты мен патриоттық тәрбиені насихаттауды ескере отыра, «SportFEST Kazakhstan» Спартакиадасы жобасын насихаттау бойынша ынтымақтастық туралы меморандум (бұдан әрі – Меморандум) жасасты.

**1 бап**

Осы Меморандум Тараптардың теңдік, өзара сыйластық қағидаттары және осы берілген Меморандум ережелерін негізге ала отырып, «SportFEST Kazakhstan» Спартакиадасы (бұдан әрі – «Спартакиада») жобасын насихаттау мақсатындағы ынтымақтастыққа бағытталған.

**2 бап**

Ынтымақтастық келесі әрекеттер түрлеріне бағытталған:

- 1) Спартакиаданы өткізу барысында Тараптардың ұйымдастырушылық, ақпараттық және өзге де көмек түрлері бойынша өзара әрекеттесу;
- 2) 1 – тарап облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларымен бірлесе, Спартакиаданың барлық кезеңдерінің іске асуына көмектеседі;
- 3) 1 – тарап облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларымен бірлесе, Спартакиаданың бірінші кезеңінің қауіпсіз өтуін ұйымдастыруға және Спартакиаданың II кезеңінде барлық спорт түрлерінен аймақтық жеңімпаздардың қатысуын қамтамасыз ететін білім мекемесінің жауапты маманын анықтауға көмектеседі;



4) 1 – тарап облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларымен бірлесе, барлық спорт түрлерінен жеңімпаз командаларынан Спартакиаданың екі кезеңіне қатысу өтінімдерінің қалыптастыруына көмектеседі;

5) 2 – тарап Спартакиаданың II кезең қатысушыларының шығындарын жеке қаражатынан қамтамасыз етеді (тұру, тамақтану, облыс орталығынан/қаладан өткізу орнына дейін және керісінше жолақы шығындары)

6) 1 – тарап аудандық және қалалық білім бөлімдерімен, облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларымен бірлесе, Спартакиаданың I кезеңінде құрама командалардың қатысуына көмектеседі;

7) 1 – тарап облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларымен бірлесе, Спартакиаданың II кезеңіне аймақтық жеңімпаздарды бағыттауға көмектеседі;

8) 2 – тарап Спартакиаданың барлық кезеңдерінде төрешілердің еңбекақысын қамтамасыз етіп, медициналық қызметті ұйымдастырады, жарыстардың өткізу орындарын қажетті спорттық құралдармен және полиграфиялық өнімдермен жабдықтандырады;

9) 1 – тарап облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларымен бірлесе, Спартакиаданың I кезеңін жүзеге асыру үшін өткізу орындарын (оқу орындарының спорттық залдары) қамтамасыз етуге көмектеседі;

10) 2 – тарап Спартакиаданың барлық кезеңдерінің ашылу және қатысушылар мен жеңімпаздарды мадақтағандармен, медальдармен, кубоктар мен құнды сыйлықтармен марапаттау рәсімдерін ұйымдастырады;

11) 2 – тарап бұқаралық ақпарат құралдарында Спартакиаданың кең ауқымды ақпараттық насихаттауын қамтамасыз етеді.

### 3 бап

Осы Меморандум ынтымақтастықтың келесі нысандарын қарастырады:

- 1) оқушылар арасында салауатты өмір салты мен патриоттық тәрбиені насихаттауға бағытталған шаралар қолдану;
- 2) орта мектептерде бұқаралық спортты дамытуға жәрдем көрсету;
- 3) спартакиадалық қозғалысты насихаттау мен кеңейту бойынша өзара әрекеттесу.

### 4 бап

Тараптар «SportFEST Kazakhstan» Спартакиадасын жүзеге асыру үшін барлық қажетті шараларды орындауға, сондай-ақ дене шынықтыру мен спортты дамытуға, жастарды патриоттық тұрғыда тәрбиелеуге, салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал етуге ниеттеледі.





## 5 бап

Меморандумды жүзеге асыру мақсатында әр тараптан жауапты тұлғалар арқылы аймақтық және республикалық деңгейлерде Спартакиаданың кезеңдерін ұйымдастыруын және өткізуін қамтамасыз өтеді.

## 6 бап

Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Тараптардың әрқайсысы басқа тарапты кемінде 1 (бір) ай бұрын жазбаша түрде хабардар ету арқылы Меморандумның ережелерін біржақты тәртіппен тоқтата алады.

Меморандум Тараптарының ешқайсысы басқа Тарапқа кез-келген себеп бойынша Меморандумның тоқтатылуы нәтижесінде пайда болған, сонымен қатар Меморандумда көзделген мақсаттарға қол жеткізбеген, Меморандумда көзделген ақпаратты бермеген жағдайда тікелей немесе жанама шығындарды өтемейді.

Меморандум Тараптар болашақта келісімшарттар (келісімдер) жасасуға орынды және қажет жағдайда мүмкіндік беретін алғышарт болып табылады.

Меморандум кез-келген нысанда бірлескен әрекет етуге және/немесе жүзеге асыруға бағытталмаған және Тараптар арасында Меморандумда тікелей көрсетілген қатынастардан басқасын талап етпейді.

## 7 бап

Осы Меморандумды жүзеге асыру және қолдану кезінде туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы тікелей келіссөздер арқылы шешілетін болады.

## 8 бап

Осы Меморандум 2019 жылдың 31 желтоқсан дейін жарамды.

Астана қаласында бірдей күші бар қазақ және орыс тілдерінде 2 данада, әр тарап үшін 1 данадан 2019 жылғы «25» наурыз жасалды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Коммуникативтік бастамалар мен стратегиялар қоры» Жеке қоры Мектепке дейінгі және орта білім тарапынан департаменті тарапынан

  
З. Максұтова

  
А. Қазығұлов